

Жақсы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 тамыздағы № 5С-42-3 "Жақсы ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімінің күшін жою туралы

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 6С-2-7 шешімі

2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жақсы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 тамыздағы № 5С-42-3 "Жақсы ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4977 болып тіркелген, 2015 жылдың 21 қыркүйегінде "Жақсы жаршысы" аудандық газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*Жақсы аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы*

Қ. Құсайынов

*Жақсы аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б. Жанәділов